

«АЗАМАТТАРҒА АРНАҒАН ҮҚИМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЯЫНША
ФИДИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН ВУЛЖАС ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТҮРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 21 ж. с. 24» 08

БСН 050640002-859

№ 11987-1807-КНО-АҚ

Бастапқы тіркелген күні

20 05 ж. с. 15» 06

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2021 жылы 9 тамыз айының
№ 283 бұйрығымен
бекітілді

«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы Қоғамның құқықтық мәртебесін, мақсаттарын, міндеттерін, өкілеттіктерін және қызметінің негізгі принциптерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның атауы:

1) қазақ тілінде: «Мемлекеттік аннуитеттік компания»
толық атауы өмірді сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамы;
қысқартылған атауы «МАК» ӨСК» АҚ;

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Компания
толық атауы по страхованию жизни
«Государственная аннуитетная
компания»;
қысқартылған атауы АО «КСЖ» ГАК»;

3) ағылшын тілінде: «Life insurance company «State annuity
толық атауы company» Joint Stock Company;
қысқартылған атауы «Annuity company» JSC

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 20 ғим.

4. Қоғамның корпоративтік веб-сайты: www.gak.kz.

5. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2-тарау. Қоғамның құқықтық мәртебесі

6. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамын құру туралы» 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 1377 қаулысын орындау мақсатында, Қоғамның жарғылық капиталындағы мемлекеттің жүз проценттік қатысуымен акционерлік қоғам нысанындағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылды.

7. Қоғам құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

8. «Мемлекеттік аннуитеттік компания «өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетіне ие болу және пайдалану құқығы «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне берілді.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» заңдарын, осы Жарғыны, Қоғамды корпоративтік басқару кодексін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Қоғамның өзге құжаттарын басшылыққа алады.

10. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады, оның дербес теңгерімі, Жалғыз акционердің мүлігінен оқшауланған мүлігі бар, оның банк шоттарын, оның ішінде валюталық шоттарды ашуға, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) лицензиясы негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) операцияларын жүргізуге құқығы бар, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талапкер мен жауапкер бола алады.

11. Қоғамның қазақ және орыс тілдерінде толық атауы көрсетілген дөңгелек мөрі, бланкілері, нышаны (тауар белгісі), қазақ және орыс тіліндегі мөртабаны, сондай өз қызметін жүзеге асыруға қажетті басқа да деректемелері бар.

12. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі оның мүліктік, экономикалық, қаржы және шаруашылық дербестігінің негізінде жүзеге асырылады.

13. Қоғамның құқықтық мәртебесі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде мемлекеттік тіркелуімен және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясының болуымен айқындалады.

14. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен ол орналасқан жерден тысқары орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы ереже негізінде Қоғамның тапсыруы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы. Филиалдың (өкілдіктің) Қоғамның атауымен сәйкес келетін атауы болады. Қоғам өкілдігінің сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ.

15. Қоғамның, және оның құрылтайшыларымен онымен аффилирленген тұлғалардың Қоғамның қатысуымен консорциумға және жай серіктестіктерге қатысатын ұйымдардың қызметіне қадағалау шоғырландырылған негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

16. Қоғамға Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мүшелікті, сондай-ақ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін немесе акцияларын иемденуге, коммерциялық емес ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

17. Қоғамға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруіне тыйым салынады.

18. Мемлекеттік органдардың Қоғамға қатысты өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдарға және олардың лауазымдық тұлғаларына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің қызметіне араласуға тыйым салынады.

3-тарау. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі

19. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз мүлкі шегінде жауапкершілік атқарады.

20. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды, ал Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оған тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

21. Қоғамның лауазымды адамдары (Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғам Басқармасының төрағасы, Қоғам Басқармасының мүшелері) өздерінің іс-әрекеттерінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян үшін және Қоғамға келтірілген залалдар үшін:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу;

3) олардың жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Қоғамға зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау нәтижесінде келтірілген

залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Қоғам мен Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда көзделген жағдайларда, ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды адамды немесе өзі мүше болып табылатын Қоғам органының отырысында, оның ішінде олар не олардың үлестес тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды адамды жауаптылықтан босатпайды.

22. Егер мәміле жасасу туралы шешім қабылдау кезінде мұндай мүліктің құны оның «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы айқындаған нарықтық құнына анық мөлшерлес емес екені дәлелденетін болса, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі негізінде, Қоғамның мүддесінде өз атынан, жасалуына мүдделілік болған және нәтижесінде Қоғам құны өзінің активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған, лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуына алып келген мәмілені Қоғамның жасасуы нәтижесінде Қоғамда туындаған зиян үшін лауазымды адамды жауаптылыққа тарту туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.

Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде өз атынан лауазымды адамға оның Қоғамға келтірген зиянды не залалдарды Қоғамға өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Қоғамға залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде Қоғам атынан, Қоғамның лауазымды адамына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Қоғамның осы лауазымды адамы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының мен Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Қоғамның осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Қоғамның лауазымды адамы Қоғамға осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Жалғыз акционер сот органдарына өтініш жасағанға дейін Қоғамның лауазымды адамдарының келтірген залалдарды Қоғамға өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу

туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысын шақыруға міндетті.

Жалғыз акционердің өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, Жалғыз акционер өз атынан аталған мәселе бойынша Директорлар кеңесінің төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Қоғам мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

23. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқарады және Қоғамның және акционерлердің мүдделерін мейлінше қарастыратын тәсілдерді пайдалады;

2) Қоғам мүлігін пайдаланбауы тиіс және Қоғам жарғысына және Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешіміне қайшы келетін жағдайларда пайдалануға, сондай-ақ өзінің аффилирленген тұлғаларымен мәміле жасау кезінде теріс пайдалануға жол берілмейді;

3) бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру жүйесінің, сонымен бірге тәуелсіз аудитті жүргізуді қоса алғанда, тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпараттың жария болуы мен ұсынылуын қадағалайды;

5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың, соның ішінде егер басқа жағдай Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітілмесе, Қоғамдағы қызметін тоқтатқан сәттен бастап үш жыл ішінде құпиялылығын сақтайды.

24. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Қоғамға залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, Қоғамның лауазымды адамдары, егер Қоғамның органы қабылдаған, Қоғамға не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды адамның Қоғамның лауазымды адамдары қызметінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Қоғам мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

4-тарау. Қоғам қызметінің мақсаттары мен міндеттері

25. Қоғам қызметінің мақсаты аннуитеттер ұсыну жүйесін жүзеге асыру, сондай-ақ, осыған байланысты зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті сақтандыру заңнамасына сәйкес берілген азаматтар құқығын жүзеге асыру болып табылады.

26. Қоғамның қызметінің негізгі мәні сақтандыру нарығындағы аннуитеттік өнімдердің жекелеген түрлерін дамытуға үлес қосу болып табылады.

27. Қоғам сақтандыру қызметін «өмірді сақтандыру» саласында, сақтандыру қызметі туралы заңнамамен, соның ішінде міндетті сақтандыру туралы арнайы заңнамамен белгіленген салаларды және сақтандыру сыныптарын қоса атқару ерекшеліктерін ескере отырып сақтандырудың тиісті сыныптары шегінде жүзеге асырады.

5-тарау. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

28. Қоғамның кәсіпкерлік қызметінің негізгі түрі сақтандыру қызметін жүзеге асыру болып табылады. Қоғам сақтандыру қызметін Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңдарына қатаң сәйкес жүзеге асырылады.

29. Қоғам сақтандыру қызметінен басқа қызметтің мынадай түрлерін:

1) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шектеулерді ескере отырып, инвестициялық қызметті;

2) тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өзінің сақтанушыларына қарыз беруді;

3) Қоғам қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатуды;

4) ақпарат берілімдерінің кез келген түрлерінде сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі жөнінде арнаулы әдебиет сатуды;

5) Қоғамның өз мұқтаждары үшін сатып алынған немесе оның қарамағына сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты келіп түскен мүлікті сатуды немесе жалға беруді;

б) сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсетуді;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру мен жүргізуді;

8) сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалдылығын;

9) консорциум немесе жай серіктестікті құруға қатысу жөнінде қызметті;

10) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу шеңберінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген қызметті жүзеге асыруға құқылы.

30. Қоғамға сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен қарастырылмаған өзге қызмет түрлерімен айналысуға жол берілмейді.

31. Лицензияның болуын немесе басқа да рұқсат түрінің болуын талап ететін, ондай рұқсатты белгіленген заңнамалық тәртіппен алынуы қажет болатын қызмет түрлері, тиісті лицензия немесе басқа да рұқсат түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

6-тарау. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы

32. Қоғамның жарғылық капиталының ұлғаюуы жарияланған акцияларды орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

33. Қоғамның меншікті капиталы сақтандыру резервтерінің және басқа міндеттемелердің сомасына азайтылған барлық активтердің құны ретінде анықталады.

34. Жарғылық және меншікті капиталдың ең аз мөлшеріне, активтердің диверсификациялану дәрежесіне, оларды орналастыру (инвестициялау) тәртібіне қойылатын талаптар, сондай-ақ активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуінің есебімен активтер құнын есептеу әдістемесі уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленеді.

7-тарау. Қоғамның сақтандыру резервтері

35. Қолданылып жүрген сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін Қоғамда актуарий есептеген көлемде жасалған сақтандыру резервтері болуы міндетті.

36. Сақтандыру резервтерінің қаражаты тек Қоғамның қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауымен байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған.

37. Сақтандыру резервтерін және олардың құрылымдарын есептеу әдістемесіне, қалыптастыруын қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленеді.

8-тарау. Қоғамның акциялары. Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру талаптары

38. Қоғам құжатсыз нысанда жай акцияларды шағарады. Акциялардың барлық шығарылымдары заңнамамен белгіленген тәртіппен тіркелуі тиіс.

39. Қоғам акциялары тек ұлттық валютадағы ақшамен ғана төленеді.

40. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асырады.

41. Орналастыратын акция толық төленгенге дейін Қоғамның осы акцияны Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі оны сатып алушының жеке шотына аудару туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

42. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды:

1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген;

2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде жатқан акциялардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес процентінен аспаған;

3) осы Жарғымен өзгеше белгіленбесе, кепіл туралы шартты Директорлар кеңесі мақұлдаған жағдайда ғана кепілге қабылдай алады.

9-тарау. Таза табысты бөлу тәртібі. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер

43. Шоғырландырылған қаржылық есебінің негізінде анықталған, қаржылық есептің халықаралық стандарттарына сәйкес құрылған Қоғамның таза табысы (салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлегеннен кейінгі) қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен, Жалғыз акционердің шешімімен бөлінеді, оның ішінде дивидендтер төлемі үшін. Қалған бөлігі Қоғамның дамуына немесе Жалғыз акционердің шешімімен қарастырылған басқа да мақсаттарға бағытталады.

44. Дивидендтер Жалғыз акционерге қаржылық жыл қорытындысы бойынша жылына бір рет төленеді. Дивидендтер олардың төленуі туралы Жалғыз акционер шешім қабылдаған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде төленеді.

45. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер Қоғамның Жалғыз акционері дивидендтер төлеу туралы кез келген шешімді қабылдаған жағдайда Қоғамның ақшасымен төленеді. Дивидендтер төленген акцияларға ғана есептеледі

46. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзімен сатып алынған, акциялары бойынша, сондай-ақ сотпен немесе Қоғамның Жалғыз акционерімен оны тарату туралы шешім қабылданған жағдайда, акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

47. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не

аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса жол берілмейді.

48. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталатын датасы;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны;
- 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған кезде) қамтылуға тиіс.

49. Дивидендтер белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми ставкасы негізге ала отырып есептелетін өсімақы төленеді.

10-тарау. Қоғамның органдары

50. Мыналар Қоғам органдары болып табылады:

- жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- басқаруы органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма;
- бақылау органы – Ішкі аудит қызметі.

51. Қоғамды басқару барысында туындайтын қатынастарды, соның ішінде Қоғамның Жалғыз акционері мен органдары арасындағы, Қоғам органдары, Қоғам және мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастар Қоғамның Корпоративтік басқару кодексімен реттеледі.

52. Қоғам сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес басқа органдарын құра алады.

11-тарау. Қоғамның Жалғыз акционері

53. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тиісті қабылдау-беру актісінің негізінде Қоғамның Жалғыз акционері болып табылады және мемлекеттік акция пакеттеріне иелік ету және оларды пайдалану құқығын жүзеге асырады және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келесімі бойынша шешім қабылданатын мәселелерден басқа, акционердің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімді дербес қабылдайды.

54. Қоғам акционері:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционермен немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

7) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қоғамның оған тиесілі акцияларын иелігінен айыруға;

10) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына жүгінуге;

11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

12) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге;

13) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Жалғыз акционердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді қосуды Директорлар кеңесіне ұсынуға құқылы.

55. Жалғыз акционердің осы Жарғының 54-тармағында көрсетілген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

56. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) орталық депозитарийге және осы акционерге тиесілі акцияларды (немесе) нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

57. Акционердің осы Жарғының 56 - тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының салдары үшін Қоғам және орталық депозитарий жауапты болмайды.

58. Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін және оған енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы мен өтемақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын белгілеу;

6) Басқарма төрағасының өкілеттігін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма төрағасын жұмысқа қабылдау және босату туралы бұйрық шығару;

7) Қоғамның қызметіне аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

8) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін бекіту;

9) есепті қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, Қоғамның жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту;

10) Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлемеу жөнінде шешім қабылдау;

11) Қоғамға тиесілі активтердің барлығынан жиырма бес және одан аса пайыз құрайтын сомадан тұратын активтерінің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның басқа заңды тұлғалардың құрылуына немесе олардың қызметіне қатысу немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

12) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын анықтау әдістемесіне (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту) енгізілетін өзгерістерді бекіту;

13) Қоғам қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционерге ұсыну тәртібін айқындау, оның ішінде егер мұндай тәртіп осы Жарғыда айқындалмаса, бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау;

14) Қоғам акцияларының ерікті түрде делистингілеу туралы шешім қабылдау;

15) нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

16) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

17) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

18) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

19) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

20) шешім қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Қоғамның жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

59. Шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді, егер басқа жағдай Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылмаса, Директорлар кеңесінің, Басқарманың басқа органдарының, Қоғамның лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне тапсыруға жол берілмейді.

60. Жалғыз акционер, егер Жарғыда өзгеше айқындалмаса, Қоғамның ішкі қызметіне тиесілі мәселелер жөнінде басқа органдардың кез келген шешімдерін болдырмауға құқылы.

12-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесі

61. Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етуді жүзеге асырады.

62. Директорлар кеңесінің сандық құрамы 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

63. Директорлар кеңесі мүшесінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды басқа тұлғаларға тапсыруға құқығы жоқ.

64. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде мүдделердің әлеуетті даулары, соның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз қолдану және мүдделі болатын мәміле жасауда теріс пайдалануды зерттеп, мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамда корпоративтік басқарудың тиімді тәжірибесіне бақылау жүргізуге міндетті.

65. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау келесілердің қатарынан сайланады;

1) Директорлар кеңесіне сайлауға Жалғыз акционермен ұсынылған тұлғалардың қатарынан;

2) Жалғыз акционердің мүддесін білдіруші өкіл болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне Жалғыз акционер мүддесін білдіруші өкіл ретінде сайлауға ұсынылмаған (берілмеген) жеке тұлғалар.

66. Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі тарату немесе акцияларын мәжбүрлі сатып алу не уақытша тоқтатып қою туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан артық емес кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған адамдар сайланбайды. Көрсетілген талап мәжбүрлі жою немесе акцияларды мәжбүрлі сатып алу немесе белгіленген тәртіпте банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

67. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен рәсімделеді.

68. Басқарманың оның төрағасынан басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайлана алмайды.

69. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі Жалғыз акционердің Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау немесе олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады.

70. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан артық емес мерзімге сайланады, кейіннен қызметінің қанағаттанарлық нәтижелері жағдайында тағы да үш жыл мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

71. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып ерекше қаралуға тиіс.

72. Бір адамға Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам сайлану ұсынылмайды. Ерекше жағдайларда, тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте Директорлар кеңесіне мұндай адамды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндірумен жыл сайын Жалғыз акционердің жалпы жиналысы айқындаған өзге де мерзімде өткізіледі.

73. Өзінің тағайындалуымен, сайлануымен және қайта сайлануымен, сондай-ақ оның мүдделер қақтығысы бар мәселелерге байланысты шешімдер қабылдауға бір де бір адам қатыспайды.

74. Директорлар кеңесі өкілеттіктерін мерзімінен бұрын оның бастамасымен тоқтату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

75. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

76. Директорлар кеңесі төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

77. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырып, оның отырыстарін жүргізеді, сондай-ақ Қоғам Жарғысымен анықталған басқа қызметті жүзеге асырады.

78. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

79. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын немесе Қоғамның даму жоспарын айқындау;

2) Осы Жарғымен осы мәселе Қоғамның жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Басқарма төрағасын қоспағанда Басқарманың сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

7) қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымның қызметіне төлемнің мөлшерін, сонымен қатар Қоғамның акцияларына төлеуге ұсынылған немесе ірі мәміле заты болатын мүліктің нарықтық құнының бағасы бойынша бағалаушыны анықтау;

8) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу тәртібін айқындау;

9) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

11) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның атқарушы органы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның құнды қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

12) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

13) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау, сондай-ақ акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

14) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

15) Қоғамның Жалғыз акционерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

16) Қоғамның Даму жоспарын және оның орындалуы туралы есебін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде бекіту;

17) меншікті капитал көлемінен он және одан аса пайыз құрайтын шамаға Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту;

18) аудиторлық ұйымның, ішкі аудиторлық қызметтің немесе актуарийдің аудиторлық есебінің негізінде белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылық және төлем қабілеттілігі бойынша заңнама талаптарының бұзылуына байланысты мәселелерді қарау;

19) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

20) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

21) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге да мәселелер.

80. Жасасу туралы шешім «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның ірі мәмілелер жасасуы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

81. Егер мәміле жасасу туралы шешім қабылдау кезінде сатып алынған немесе иеліктен шығарылған мүліктің құны оның «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы айқындаған нарықтық құнына анық мөлшерлес емес екені дәлелденетін болса, жасалуына мүдделілік болған, нәтижесінде қоғам құны өзінің активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған, лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуына алып келген және жасалуы нәтижесінде Қоғамға зиян келтірілген мәміле Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес немесе одан көп пайызын иеленетін (жиынтығында иеленетін) акционердің (акционерлердің) талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқармаға шешім қабылдауға тапсырылмайды.

82. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

83. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

84. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

85. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелерді;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді.

86. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамға аудит жүргізуші аудиторлық ұйымның;
- 3) Жалғыз акционердің;
- 4) Қоғамның ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

87. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру жөніндегі талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

88. Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

89. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

90. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

91. Отырыстың күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдары қоса берілген Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар шақыру туралы талаптар түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

92. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуы тиіс.

93. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

94. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің сандық құрамының үштен екісін құрайды және техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып (бейнеконференция, телефон конференцбайланысы сеансы режимінде және басқалар) не жазбаша нысанда жазылған олардың дауыстары болған кезде қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелерін ескере отырып, айқындалады.

95. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады.

96. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және Қоғам Жарғысында басқаша көзделмесе, отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусының шешуші дауыс болуы қоғам жарғысында көзделуі мүмкін.

97. Дауыстар саны тең болғанда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусы шешуші болып табылады.

98. Айқын басым көпшілік – кемінде төрттен үш бөлігі мөлшеріндегі көпшілік.

99. Айқын басым көпшілік даусымен мынадай шешімдер қабылданады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

3) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

4) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер.

100. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

101. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесінің қарастыруына шығарылған сұрақтар бойынша шешім қабылдай алады және осындай шешім қабылдау тәртібін белгілейді.

102. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерге кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

103. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделеді және оған Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы мен төрағасының қолы қойылуы тиіс.

104. Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеледі.

105. Директорлар кеңесінің қатысуымен өткен отырысында қабылданған шешімдер хаттама арқылы рәсімделеді және оны отырыс өткен күннен бастап жеті күн ішінде отырыста төрағалық еткен адам және Директорлар кеңесінің хатшысы оған қол қоюға және онда:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;

3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауысқа қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

106. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

107. Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасы мен Қоғам мөрінің бедері қойылған хаттаманың көшірмесін және шешімді беруге міндетті.

108. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қоғам Жарғысымен белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылданған Директорлар кеңесінің шешіміне қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі сот арқылы дау айтуға құқылы.

109. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын және Қоғам Жарғысын бұза отырып қабылданған Директорлар кеңесінің шешіміне, егер аталған шешім Қоғамның және осы Жалғыз акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сот арқылы дау айтуға құқылы.

13-тарау. Қоғамның Басқармасы

110. Қоғамның атқарушы органы Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Басқарма туралы ереже негізінде әрекет ететін Басқарма болып табылады.

111. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық етеді.

112. Басқарма Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен басқа органдардың және Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

113. Басқарманың сандық құрамы 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс.

114. Басқарма Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

115. Басқарма мүшелерінің қызметін, құқықтары мен міндеттері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен, сондай-ақ аталған адамдармен Қоғам арасында жасалған еңбек шартымен айқындалады. Басқарма төрағасының Қоғамның атынан жасалған, Директорлар кеңесінің шешімімен еңбекақы көлемі белгіленген жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Директорлар кеңесінің уәкілеттік берілген тұлғасы қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерінің

Директорлар кеңесінің шешімімен еңбекақысы белгіленген жеке еңбек шартына Қоғамның Басқарма төрағасы қол қояды.

116. Басқарманы Жалғыз акционер және Директорлар кеңесіне қатысты Қоғамның Басқарма атынан сөз сөйлейтін Қоғам Басқармасының төрағасы басқарады.

117. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын және олардың бас бухгалтерлерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері, Басқарма төрағасы мен мүшелері, бас бухгалтер және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және олардың негізінде сақтандыру және (немесе) инвестициялық қызмет жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығы бар Қоғамның өзге де басшылары, сондай-ақ сайлануға немесе тағайындануға ұсынылатын кандидаттар нормативтік құқықтық актілерде белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес келуі тиіс.

118. Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі, Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады. Басқарманың барлық немесе кез-келген мүшелері телефон немесе басқа да байланыс түрі бойынша бір-бірін естіп, сөйлесе алатындай конференциялық-байланыс арқылы отырысқа қатыса алады. Бұндай тәсілмен Басқарма отырысына қатысушы тұлғалар сайлау және кворумды есептеу құқығына ие.

119. Қоғамның Басқармасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде:

1) Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы көлемінен 5 (бестен) 10 (он) пайызды құрайтындай сомада ұлғайту туралы шешім қабылдау;

2) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

3) басқарушылық есептерді мақұлдайды;

4) Қоғамның Сақтандыру ережесін, соның ішінде оған өзгертулер мен толықтыруларды мақұлдайды;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауап береді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің, алқалы кеңес органының және лауазымды адамдарының айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің басқа да мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

120. Қоғам оның Басқармасымен жасалған мәмілені оны жасау кезінде мұндай шектеулер туралы хабардар екендігін дәлелдесе, Қоғаммен белгіленген шектеулерді бұза отырып, жасалған мәміленің жарамды екендігіне дауласуға құқылы.

121. Жалғыз акционердің өкілдері болып табылмайтын Қоғам қызметкерлері Қоғам Басқармасының мүшелері бола алады.

122. Басқарма мүшесінің басқа ұйымдарда қызмет атқаруы Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі. Қоғам Басқармасының төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы немесе атқарушы органның қызметін жүзеге тікелей асыратын адам лауазымында болуға құқығы жоқ.

123. Басқарма отырысын өткізуге арналған кворум Басқарма мүшелерінің жалпы санының жартысын құрайды.

124. Басқарма шешімі Басқарма отырысына қатысушылардың дауыс көпшілігімен қабылданады. Дауыс саны тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауыс берген шешімі қабылданады.

125. Басқармамен тұрақты түрде сайланған Басқарма хатшысы Басқарма мүшесінің талабы бойынша Қоғам Басқармасының мөрі мен Басқарма хатшысының қолымен куәландырылған Басқарма отырысының хаттамасын танысу үшін ұсынуға міндетті.

14-тарау. Қоғам Басқармасы төрағасының өкілеттіктері

126. Басқарма Төрағасы:

- 1) Басқарманы басқарады;
- 2) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;
- 4) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 5) Қоғам қызметкерлерін (нормативтік құқықтық актілерде белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқандайды.
- 6) Қоғам қызметкерлерінің, соның ішінде Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің штаттық кестесін бекітеді;
- 7) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауы міндетті болатын шешімдер қабылдайды және нұсқау береді, Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғам қызметі туралы, соның ішінде құпия сипаттағы ақпараттарды сұрау салынған сәттен 10 (он) күн кешіктірмей дер кезінде ұсынылуын қамтамасыз етеді.

- 8) Қоғамның мемлекеттік сатып алуларының жылдық жоспарын бекітеді.
- 9) Қоғамның даму жоспарын және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде оның орындалуы туралы есебінің әзірленуін қамтамасыз етеді;
- 10) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 11) міндеттерді, сондай-ақ, өкілеттік аясын және Басқарма мүшелері арасындағы жауапкершілікті бөледі, Басқарма мүшелерінің және Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және аталған жұмысқа дербес жауап береді;
- 13) соттың талқылауларын, дауларды және төрелік соттың талқылауларын бастамалауды мақұлдайды немесе реттейді.
- 14) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның өзіндік капиталы көлемінен 5 (бес) пайызға дейін арттырады;
- 15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және оларды лауазымынан босатады;
- 16) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;
- 17) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар берді;
- 18) Басқарма отырысын шақырады;
- 19) Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға сәйкес бұл органдардың айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, осы Жарғыда және Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

15-тарау. Қоғамның қаржылық есептілігі және аудиті

127. Қоғамның қаржылық есептілігі Қоғамның бухгалтерлік балансынан, кірістер мен шығыстар туралы есебінен, ақшаның қозғалысы туралы есептен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа есептен тұрады.

128. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің Халықаралық стандарттарына сәйкес құрылған есептілік саясатына сәйкес белгіленеді.

129. Қоғам олар жасайтын операциялардың есебін сақтандыру қызметіне міндетті бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.

130. Басқарма жыл сайын Қоғамның Жалғыз акционеріне талқылау және бекіту үшін Қоғамның өткен жылға жасалған, аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңдарына сәйкес өткізілген жылдық қаржылық есептілігін ұсынады. Қаржылық есептен басқа Басқарма Жалғыз акционерге аудиторлық есеп ұсынады.

131. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп туралы заңдарына сәйкес жасалады.

132. Жылдық қаржылық есептілік Жалғыз акционерге ұсыну датасына дейін отыз күннен кешіктірмей Директорлар кеңесімен алдын ала бекітіледі. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін соңғы бекітуін қаржылық жыл аяқталғаннан кейінгі бес ай ішінде Жалғыз акционер жүзеге асырады. Көрсетілген мерзім есептілік мерзімінде Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

133. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйыммен талап етілген барлық қажетті құжаттамаларды (материалдарды) ұсынуға міндетті.

134. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті нормативтік құқықтық актілерде белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес Жалғыз акционер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

135. Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

136. Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың Қоғам қаражаты есебінен немесе Жалғыз акционердің бастамасы бойынша өз есебінен жүргізілуі мүмкін.

137. Егер Қоғамның Басқармасы Қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалады.

138. Қоғам уәкілетті органға оның сұратуы бойынша өзінің мүлігі, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерде бар мүлігі туралы, ұсынылған кепілдік пен тапсырмалардың қабылданған тәуекел мөлшері туралы сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі жасалған және жасалатын мәмілелер туралы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу туралы мәліметтерді, олар бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыру мақсатында сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді ұсынуға міндетті.

139. Қоғам қызметінің аудитін уәкілетті органның тиісті лицензиясы бар аудиторлық ұйым жүзеге асырады.

140. Қоғам аудитін жүзеге асыру талаптары уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленеді.

16-тарау. Ішкі аудит қызметі

141. Ішкі аудит қызметі - бақылау органы және «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті түрде құрылатын алқалық органдардың бірі болып табылады.

142. Сақтандыру ұйымдарындағы ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты сақтандыру ұйымының қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауын, сақтандыру ұйымының ішкі шаралары мен ережелерінің міндетті болуы мен сақталуын бақылау және сақтандыру ұйымдарымен жүргізілетін операциялардың көлемі мен сипатына сәйкес, тиісті сенімділік дәрежесін қамтамасыз ету және оның қызметіндегі тәуекелдерді төмендету болып табылады.

143. Қоғамның Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және олардың алдында өз жұмысы бойынша «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жауап береді.

144. Ішкі аудит қызметі өзінің ұйымдастырылу дәрежесі және қызмет деңгейі бойынша оларға жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындау барысында, оларды дұрыс орындауды және объективті және турашыл пікірлерлерді қамтамасыз ету мақсатында қандайда бір тұлғалардың билігінен тәуелсіз болып табылады.

145. Ішкі аудит қызметі өзінің қызметінде Қоғамның жарғысын, Қоғамның ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру және ішкі аудит қызметі туралы ережелерін, сондай-ақ Қоғамның қызметін регламенттейтін басқа да ішкі құжаттарды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарын басшылыққа алады.

146. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелері Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және босатылады. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

147. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен мүшелерімен жасалынған жеке еңбек шарттарына Қоғам атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оған Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды.

148. Өз қызметін орындауда объективті және турашылдық принциптерін сақтау мақсатында Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері кейіннен ішкі аудиттің жүргізілуіне жататын қызмет түрлерімен айналысуға және басқаруға және аудит жүргізілетін аралықта олармен жүзеге

асырылатын қызметтерді жүзеге асыруға қатыса алмайды, сондай-ақ, Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелігіне сайлана алмайды.

149. Ішкі аудит қызметінің жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

150. Ішкі аудит қызметінің отырысын шақыру оның басшысының немесе ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің бастамасымен, немесе келесі адамдардың:

- 1) Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- 2) Қоғам аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) Жалғыз акционердің;
- 4) Қоғам Басқармасының талап етуі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Ішкі аудит қызметінің отырысы қажеттілігі бойынша өткізіледі, Ішкі аудит қызметінің отырысын өткізу үшін кворум Ішкі аудит қызметі мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Ішкі аудит қызметінің әрбір мүшесі Қоғамның Ішкі аудит қызметінің отырысы тағайындалғаны туралы отырыс басталардан бір күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етіледі. Хабарламада отырыстың күн тәртібі және өткізілетін орны көрсетіледі. Хабарламаға күн тәртібіне қатысты барлық құжаттар қоса беріледі.

Қоғамның Ішкі аудит қызметінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Ішкі аудит қызметінің шешімі отырысқа қатысушы Ішкі аудит қызметі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда, аудит қызметінің басшысының дауысы шешуші болып табылады.

Ішкі аудит қызметінің мүшелері осы Жарғыға, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес олардың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

151. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша тұжырымдар дайындайды.

152. Ішкі аудитті жүргізу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын және Ішкі аудитті ұйымдастыру ережесін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына, Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ереже және Ішкі аудитті ұйымдастыру ережесі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі.

153. Ішкі аудит қызметі қандай-да бір мәселе бойынша шешім қабылдамайды, тек олардың құзыретіне:

- Қоғам қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау жүйесінің барабарлығын және тиімділігін бағалау, бөлімшелердің өздеріне жүктелген функциялары мен міндеттерін орындауының жай-күйі туралы уақтылы және

шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмысты жақсарту бойынша пәрменді және тиімді ұсынымдарды ұсыну;

- Директорлар кеңесінің барабар ішкі бақылау жүйесінің болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша функцияларды жүзеге асыру барысында туындаған міндеттерді ішкі бақылау жүйесінің объективті бағалауын және оларды жетілдіру бойынша ұсынымдарды беру жолымен шешу жатады.

17-тарау. Қоғамның ақпаратты жария етуі

154. Қоғам өзінің Жалғыз акционеріне Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесіне әсер ететін корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес хабарлайды.

155. Эмитент қызметіне елеулі әсер ететін, бағалы қағаздарды ұстаушылар мен эмитент инвесторларының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мүдделерін қозғайтын оқиғалар корпоративтік оқиғалар болып танылады.

156. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

157. Қоғам Жалғыз акционерге өзінің қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келетін бұқаралық ақпарат құралдарында, сонымен қатар Қоғамның «www.gak.kz» веб-сайтында орналастыру арқылы ұсынады.

158. Қоғам өзінің www.gak.kz интернет-ресурсында және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы болмаса басқа ақпарат құралдарында мүдделі тұлғалар алдындағы Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жария етуді жүзеге асыруға құқылы.

159. Қоғамның заңнамаға сәйкес жариялануы міндетті болып табылатын өзінің хабарламалары мен басқа да ақпараттарды жариялауы үшін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануы тиіс.

160. Кредиторларға, жұртшылық пен Жалғыз акционерге ақпарат беру мақсатында Қоғамның ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылданған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде Қоғам мәміле туралы хабарды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

161. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде сақтауға тиіс.

162. Сақталуға келесі құжаттар жатады:

1) Қоғамның Жарғысы, Қоғам жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) құрылтай шарттары, құрылтай шарттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (біріктіру туралы шарт);

3) Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлік;

4) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауға алған лицензиялары;

5) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

6) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

7) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;

8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;

9) Жалғыз акционердің шешімдері;

10) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары, Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;

11) Қоғам Басқармасы отырыстарының хаттамалары (шешімдері);

12) Корпоративтік басқару кодексі.

163. Қоғамның осы құжаттардың жүргізілуіне жауапты адамдарда сақталуға тиісті 162-тармақтың 9)–12) тармақшаларында, 164-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, осы тарауда қарастырылған құжаттарды сақтауға жауапты Қоғамның қаржы жөніндегі бөлімшесі болып табылады.

164. Басқа құжаттар, сонымен бірге Қоғамның қаржылық есептілігі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзім ішінде сақталады.

18-тарау. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті ашу

165. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылмайды.

166. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынған мәліметтер негізінде жүргізеді.

167. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирлену пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

168. Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары келесі мәліметтерді ұсынуға міндетті:

- аффилирленген жеке тұлғалар бойынша келесі ақпараттардан тұратын: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), үлестестігін тану негіздері, үлестестігінің туындау күні және резиденттігі;

- аффилирленген заңды тұлғалар бойынша келесі ақпараттардан тұратын: заңды тұлғаның толық атауы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуден өткізілген күні мен нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), пошталық мекен-жайы және нақты орналасқан орны, үлестестігін тану негіздері, үлестестігінің туындау күні және резиденттігі қамтылған мәлімет.

169. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін уәкілеттік органға белгіленген тәртіппен ұсынуға міндетті.

19-тарау. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

170. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлініп шығу, қайта ұйымдастыру) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

171. Қоғам бөліну немесе бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастырылған кезде қайта ұйымдастырылатын Қоғамның кредиторлары осы Қоғам борышкер болып табылатын міндеттеменің мерзімінен бұрын тоқтатылуын және залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.

172. Егер Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның акциялары шығарылымының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен күші жойылуға тиіс.

173. Қоғамды тарату, соның ішінде банкроттық негізі бойынша Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына және уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерімен белгіленген ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

174. Қоғам мынадай негіздер бойынша таратылуы мүмкін:

1) уәкілетті органның (ерікті түрде тарату) рұқсат болуы кезінде Жалғыз акционердің шешімі бойынша;

2) Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жағдайда соттың шешімі бойынша;

175. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібін Қазақстан Республикасының заңдары реттейді.

176. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның

нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып тиісті заң актілерінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

177. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы Жалғыз акционер шешім қабылдағаннан кейін Қоғам жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша берілетін сақтандыру сыныбы бойынша лицензиясы бар және сақтандыру төлемдерін кепілдендіру жүйесінің қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру портфелін беру бойынша шаралар қолдануы тиіс.

178. Сақтандыру портфелін беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

179. Сақтандыру портфелін бергеннен кейін Қоғам уәкілетті органға оны ерікті түрде тарату туралы өтініш хатын жолдауына құқылы.

180. Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

181. Сол уәкілетті органның лицензиясын қайтарып алуға байланысты емес негізде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті орган заңнамамен белгіленген тәртіпте оны лицензиядан айыру туралы мәселесін қарастырады.

182. Банкроттық негізі бойынша Қоғамды тарату «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

20-тарау. Қорытынды ережелер

183. Осы Жарғыда реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі.

184. Осы Жарғы заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

**«Мемлекеттік апнуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы»
акционерлік қоғамының
Басқарма төрағасы**



Г. Амерходжаев